

педагогу необходимо овладеть данной компетенцией. Ну а формирование этой компетенции составляет несколько современных методов. В связи с этим в статье изложены результаты сравнительного исследования программ организаций предпринимательского образования в развитии предпринимательских компетенций. Широко рассмотрены и проанализированы труды зарубежных ученых по способностям и талантам, входящим в число предпринимательских компетенций. В конце статьи дается характеристика педагогов, обладающих предпринимательскими компетенциями.

*Ключевые слова:* Предпринимательские компетенций; предпринимательское мышление; предпринимательское образование; педагог предприниматель; менеджеры образования

Received 07.12.2021.

FTAMP 14.25.01

<https://doi.org/10.51889/2022-1.2077-6861.26>

А.Д. АНСАБАЕВА\*

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған, Қазақстан)  
\*aynuransabayeva@gmail.com*

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Аңдатпа*

Бүгінгі күні жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті бірінші орынға шығады. Оны шешудің басты құралы – тәрбие қызметінің барлық субъектілерінің (педагогтардың, ата-аналардың, балалардың) өзара бірлескен іс-әрекеті. Бұл жұмыстың мақсаты – бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты орнату, үрдістің тиімділігін арттырудың мүмкін болатын жолдарын зерттеу. Осы тақырыпты зерделегеннен кейін алынған нәтижелер бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың теориялық және практикалық негіздері, олардың көзқарастарында ортақ және ерекше белгілерді анықтау, сондай-ақ осы үрдісті жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау болып табылады. Бұл зерттеудің практикалық құндылығы мынада: бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеудің ұсынылып отырған құралдары мен әдістерін ата-аналар да, мұғалімдер де баламен қарым-қатынас орнатуды жақсарту және сәйкесінше оған тиімді әсер ету, оқушыны қоғамдық қатынастардың толыққанды қатысушысы ретінде қалыптастыру үшін пайдалана алады. Бұдан әрі жұмыстың болашағы осы зерттеуде баяндалған және педагогикалық пен отбасылық тәрбие тұжырымдамасының мазмұнын тікелей ашатын қалыптасқан теориялық негізі бола алады.

*Түйін сөздер:* тәрбие; бастауыш мектеп; оқушылар; педагогикалық өзара әрекеттесу; мұғалім; ата-аналар.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда отбасы мен мектеп кішкентай тұлғаны дамытудың бір-бірін толықтыратын екі бағытына айналууда. Әрине, олардың тәрбиелік функциялары әртүрлі, бірақ олардың өзара әрекетсіз баланың табысты дамуы мүмкін емес. Дәл осы әрекеттесуде баланың ерекшеліктері туралы түсінік қалыптасады және ол арқылы тұлғаның толық қалыптасуы жүзеге асады. Мұғалімнің өзі ата-аналарға баланың даму

ерекшеліктерін түсінуге, тәрбиені бірлесіп жүзеге асыруға көмектеседі.

Кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу үрдісі өте көп уақытты қажет етеді және маңызды. Тәсілді дұрыс таңдау, қажетті құралдарды пайдалану, жұмыс әдістерін дамыту, мұның бәрі оны басқалармен қалыпты қарым-қатынас жасай алатын, өзін-өзі дамыта алатын тұлға ретінде тәрбиелеу мен қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әрине бұл үрдіс толығымен екі субъектіге, яғни отбасы мен мектепке байланысты.

Отбасы ең алдымен эмоционалды қарым-қатынас институты. Әрбір бала жасына қарамастан (бұл әсіресе ерте жаста көрінеді) отбасында сүйіспеншілікті күтеді. Отбасы сүйіспеншілік қызметімен қатар, әлеуметтену қызметін де атқарады. Дәл осы жерде бала өзінің алғашқы әлеуметтік тәжірибесін алады, әлеуметтік рөлдерге қосылады. Ал, моральдық тұрғыдан толыққанды тұлға болып өсу үшін бұл үрдіске отбасында да, оқу орнында да бірге қарау керек.

«Отбасы адамды дүниеге әкелсе, қалыптастырып, дамытып, жетілдірсе, мектеп арқылы өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланыс жасауға қабілетті, тәрбиесі адами құндылықтарға толы, жетілген толыққанды тұлғаны тәрбиелейді» [1].

Бұл мәселенің теориялық мазмұнына келетін болсақ, мектеп пен отбасының педагогикалық өзара әрекеттестігінің, мұндай әсер етудің тікелей объектілері болатын мектеп оқушыларының сапалары мен жағдайындағы сандық және сапалық өзгерістерге әкелетін, атап айтқанда әлеуметтік-психологиялық процестермен және отбасының мектеппен қарым-қатынасымен реттелген тәрбиелік жағдай ретіндегі түсінікті ашу әлі де маңызды. Сонымен қатар, бұл үрдістің мынадай теориялық негіздерін ашып көрсеткен жөн: отбасы мен мектептің біртұтас тәрбие кеңістігін құрудың оңтайлы шарты мұғалімдер мен оқушылардың ата-аналары арасындағы әлеуметтік серіктестікті құру; оқушылардың ата-аналарына педагогикалық білім беру педагогикалық ұжымның жетекші қызметі болып табылады; бірлескен іс-әрекет ата-аналардың өмірлік тәжірибесіне негізделеді, мұғалімдер жаңа білім алуға бағыттайды; кез-келген үрдіс жүйелі және үздіксіз болуы керек. Осылайша, бұл теориялық негіздер мұғалім мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекетіне негізделеді, сонымен қатар, олардың өзара түсіністігі, ортақ мүдделері мен ұмтылыстарын болжайды [2].

Бұл жұмыстың практикалық маңыздылығын көрсете отырып, алынған нәтиже-

лерді пайдаланудың басымдылығы өте жоғары екенін атап өткен жөн. Бұл бірден кәсіби педагогтарға да, ата-аналарға да бағытталған зерттеудің әмбебаптығымен түсіндіріледі. Сонымен бірге, жұмыста бала өмірінің, оның әлеуметтенуі және басқалармен қарым-қатынасы барысында қажет болатын маңызды салаларының тізімі қарастырылады, оларға мектеп те, отбасы да әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, бұл жұмысты осы тақырыпты одан әрі зерттеу барысында пайдалануға болады, өйткені онда осы мәселенің негізгі теориялық негіздері ашылған, практикалық мысалдар берілген, сондай-ақ басқа технологияларды қолдану арқылы әрі қарай дамытуға болатын перспективалық ұсыныстар қалыптасқан [3].

Осы тақырыптың өзектілігін ескере отырып, ол бойынша зерттеулер саны өте көп екендігімен келіскен жөн, бірақ ақпараттық технологиялардың және тұтастай алғанда қоғамның дамуымен бірге балаларды тәрбиелеуде қолданатын жаңа құралдардың көбейіп келе жатқанын түсіну керек. Сондықтан бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы – мектеп пен отбасының өзара әрекеттесу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды тарту және олардың баланы бірлесіп тәрбиелеуі [4].

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, жұмыстың міндеттерін, атап айтқанда, педагогикалық өзара әрекеттестік тұжырымдамасын, мұндай өзара әрекеттесуді жеңілдетудің қазіргі әдістерін зерттеу, осы үрдісте ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейін талдау, сонымен қатар, әдетте осындай байланысты орнатуға бағытталған практикалық құралдарды тұжырымдаған жөн. Жұмыстың мақсаты, әрине, бастауыш мектеп оқушыларын жеке тұлға ғып тәрбиелеуде мектеп пен отбасының педагогикалық өзара әрекеттесуінің негізгі жолдарын табу және бекіту, сондай-ақ мұндай үрдістің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру болып табылады.

**Негізгі бөлім.** Бұл мәселені зерттеу үш кезеңде жүзеге асырылды, атап айтқанда: бірінші кезеңде берілген зерттеу

тақырыбының теориялық негіздері, яғни ғылыми материалдар қарастырылды, бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу барысында отбасы мен мектеп арасындағы байланысты орнату үдерісін зерделеу жоспары бекітілді. Екінші кезеңде зерттеудің жеке элементтеріне талдау жүргізілді, атап айтқанда мектептік тәсіл, оларға отбасылық көзқарастар, 6-9 жастағы бала психикасының ерекшеліктері, оқушының санасына әсер ететін жанама факторларды зерттеу жүргізілді. Қорытынды кезеңде алынған нәтижелерді жинақтау, мұғалімдер де, ата-аналар да қолдана алатын, сонымен қатар, болашақ ғылыми зерттеулердің негізіне жататын қорытындыларды, практикалық ұсыныстар мен құралдарды қалыптастыру жүрді.

Бұл зерттеуде көтерілген мәселе өте өзекті, өйткені балалар қоғамда жетекші орын алады және сәйкесінше болашақта олардың тәрбие деңгейі олардың өміріне ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамның дамуына әсер етеді. Сондықтан да бұл мәселе балаға, әсіресе бастауыш мектеп жасындағы балаға әсер ететін әрбір элементті терең зерделеп, зерттеуді қажет етеді. Әрине, жұмыстың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – субъектілердің екі тобы, атап айтқанда отбасы мен мектеп, өйткені олар баланың жеке тұлға және қоғамдық қатынастардың толыққанды қатысушысы ретінде қалыптасуына негіз болады. Бұл мәселені қарастыру үшін ең алдымен теориялық негізді құру және жұмыста әрі қарай қолданылатын педагогикалық өзара әрекеттестіктің негізгі құрылымдық элементтерін түсіндіру қажет. Сонымен, педагогикалық өзара әрекеттестік қоғамдағы мәртебелік рөлдік қатынас контекстінде әлеуметтік жүйенің ықпалына жататын, өз кезегінде білім беру жүйесіндегі нормативтік құжаттармен қамтамасыз етілетін, білім беру мекемесінің тәжірибесі негізінде қалыптасатын, сонымен қатар, кәсіби қызметі оқушының белсенділігін арттыруға негіз болатын оқытушымен жүзеге асырылатын білім беру үдерісіндегі өзара байланысты құбылыс ретінде сипаттауға болады. Оның құрылымын қарастыра оты-

рып, оның өзара әрекеттестіктің бірнеше элементтерінен тұратынын атап өткен жөн, атап айтқанда: тәрбиелік, педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, тұлғааралық, реттеуші және атқарушылық жүйелер. Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, педагогикалық өзара әрекеттестіктің кейбір ерекшеліктерін сипаттауға болады, атап айтқанда: оқу-тәрбие үдерісі субъектілерінің бірлескен іс-әрекеті; негізгі іргетастар – өзара қарым-қатынас, өзара қабылдау, қолдау, сенім, құрмет; субъектаралық қатынастардың өзектілігін қамтамасыз ету; түрлі салаларды қозғайтын айқын құрылымға ие, мысалы: қарым-қатынас, белсенділік, когнитивтік құндылық; жетекші рөл әлеуметтік көзқарастарға тиесілі [5].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің өз оқушыларының ата-аналарымен өзара іс-әрекетіне келер болсақ, бұл үрдістің әрқайсысын қарастыру үшін бірнеше бағыттарға бөлуге болады. Атап айтқанда, экологиялық бағыт оқу тәрбие үрдісінде туындайтын материалдық мәселелерді шешу барысында, сондай-ақ оқу немесе шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда осы екі категория субъектілерін байланыстырады. Мұндай өзара әрекеттесудің мысалы ретінде ата-аналар мен мұғалімдердің консультацияларын және психологиялық кездесулерді жеке және топтық түрде жүзеге асыру болып табылады; кіші жастағы оқушылар үшін қалыпты білім беру ортасын қалыптастыру үрдісі, атап айтқанда, сынып пен мектепті жабдықтау; тәрбиелік сипаттағы жалпы жиналыс; медициналық консультациялар; кіші мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттері мен дарындылығын дамыту мәселелерін талқылау [6].

Өзара әрекеттестіктің келесі түрі танымдық – бос уақыт болып табылады, оның мазмұны мектеп оқушыларының сабақтан тыс бос уақытын ұйымдастыру және дамыту, сонымен қатар, білім беру мекемесінің ішінде оқу қызметін жүзеге асыру болып табылады. Әдетте, мұндай өзара әрекеттестік сыныптың ерекше дәстүрлерін қалыптастыру, атаулы күндер мен түрлі

мерекелерді арнайы өткүзуді жүзеге асыру, экскурсиялар мен жорықтар ұйымдастыру, сыныпты өнер іс-шараларына тарту, спектакльдер мен концерттер ұйымдастыру. Педагог пен ата-ананың өзара әрекеттесуінің тағы бір саласы ата-ана мен мұғалімнің балаларды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы өзара тәжірибе алмасуы барысында көрінетін тәрбиелік қарым-қатынас болып табылады. Көбінесе мұндай қарым-қатынас сабақтан тыс форматта, еркін қарым-қатынаста немесе мектеп оқушыларының ата-аналарымен бірлескен экскурсиялық сапарларында болады. Әдетте әртүрлі оқу және сыныптан тыс жобалар мен іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға негізделген жобалық бағытқа тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл бастауыш сыныптарда жоғарыда аталған іс-шараларды ұйымдастыру бойынша мұғалімнің ұсыныстарымен белгілі бір дәрежеде ата-аналар келісетіндігімен түсіндіріледі, өйткені бұл жаста балалар тек білім жағынан ғана емес, сонымен қатар дене, психологиялық және шығармашылық жағынан да дамуы керек деген сөз [7].

Педагогикалық өзара әрекеттестік түсінігінің мәнін анықтап, оның ерекшеліктерін сипаттай отырып, мектептің ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне және сәйкесінше бала тәрбиесіне тартуға көмектесетін факторлардың тізімін қалыптастыруға болады. Атап айтқанда, отбасылық бағдарлы педагогикалық тәжірибелерді пайдалану, сонымен қатар, мұғалімдер мен мектеп оқушыларының ата-аналары арасындағы табысты өзара әрекеттесу үшін әдістемелік ұсыныстарды жүзеге асыру мысал болады. Сонымен, оқу орнының әкімшілігі мен тікелей педагогтардың бірінші кезектегі міндеттердің бірі, сонымен бірге отбасымен сенімді, серіктестік қарым-қатынас орнатудың бірінші кезеңі – бала өзін жайлы, сенімді және ең бастысы қауіпсіз сезінетін орта қалыптастыру болып табылатынын атап өткен жөн [8]. Бұл міндетті табысты орындау үшін, атап айтқанда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін дамыту үшін, әрине жалпы мектептің сынып жоспарларына сәйкес, білім беру және тәрбие жұмысына

бағытталған тиісті іс-шаралардың толыққанды жүйесін белсенді түрде құрастыру және тиісінше енгізу қажет. Осылайша, бұл үрдіс өзінің тиімді өмір сүруі үшін оқу пәндерінен және мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы сабақтан тыс және мектептен тыс тәрбиелік өзара әрекеттестіктің белгілі бір түрлерінен бөлінетін аздаған қаражат пен мүмкіндіктерді қажет етеді [9].

**Әдістер.** Бұл зерттеу контекстінде педагогикалық өзара әрекеттестік мұғалімдер мен ата-аналардың бір-біріне өзара ықпалы, нәтижесінде кіші мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу ретінде қарастырылады. Бұл өзара әрекеттесуді зерттеу үшін ғылыми зерттеудің бірнеше әдістері қолданылды, олардың көмегімен осы мәселенің теориялық және практикалық компоненттері ашылды. Атап айтқанда, жұмыста салыстырмалы талдау әдісі қолданылды, оның негізінде отбасы мен мектепте жиі қолданылатын тәрбие тәсілдеріне зерттеулер жүргізілді, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстың қалыптасуына әсер ететін ортақ және ерекше белгілері орнатылды. Жинақтау әдісінің арқасында осы мәселе бойынша статистикалық деректер мен ақпарат пайдаланылды және олардың негізінде зерттеу барысында әзірленген тәсілдер мен тұжырымдамаларды қысқаша қамтитын нәтижелер мен қорытындылар қалыптасты. Логикалық талдау әдісінің негізінде мұғалім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру құрылымы қарастырылды, сәйкесінше алынған логикалық алғышарттарға байланысты білім беру қызметкерлері үшін де, отбасы үшін де белгілі бір ұсыныстар қалыптастырылды. Зерттеу үрдісінде модельдеу әдісін қолдана отырып, баланы еңбекке тәрбиелеудің ұсынылған тәсілдерінің негізін қалайтын перспективаларына мысал келтіру үшін бірнеше практикалық жағдайлар құрастырылды. Статистикалық бақылау әдісі жұмыс барысында шешуші болды, өйткені ол статистикалық мәліметтерді жинауға және бағалауға негізделген, атап айтқанда 2019-2020 оқу жылына арналған, бұл белгілі бір факторлардың бала тәрбиесіне әсер етуінің,

ең бастысы олардың тиімділік деңгейінің толық бейнесін береді.

Мақаланың логикалық құрылымы дедукция әдісіне негізделген, өйткені мәселені зерттеу педагогикалық өзара әрекеттестіктің жалпы тұжырымдамасынан мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне дейін жүзеге асырылады, бұл екі ұғымды да терең қарастыруға және олардың арасындағы ортақ белгілерді орнатуға мүмкіндік береді.

Көбінесе педагогикалық еңбектерде мектеп пен отбасының тәрбиелік ықпалды үйлестіру мен келісім мақсаты болып табылатын тұрақты ынтымақтастығы болмайынша, мектеп оқушыларымен табысты тәрбие жұмысы мүмкін емес екені жиі кездеседі. Осы мақсатта мұғалімдер, әдетте, өздерінің кәсіби қызметінде балалардың үйіне бару сияқты ынтымақтастықтың нысандары мен әдістерін пайдаланады, бұл тек ересектермен ғана емес, сонымен бірге балалармен тікелей байланыс орнатуға өте жақсы әсер етеді, өйткені олардың қарым-қатынасы бейресми түрде жүреді және олардың арасындағы шекараны белгілі бір дәрежеде жоюға мүмкіндік береді; оларды баланың алдында тұрған мәселелерді талқылауға немесе керісінше шығармашылық немесе сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру үшін мектепке шақыру; мектептегі ашық есік күндері, соның арқасында ата-аналар мұғалімге қызықтыратын сұрақтарын қоя алады, сондай-ақ оқу үрдісінің өту жағдайларын тексере алады; мұғаліммен де, басқа оқушылардың ата-аналарымен де байланыс орнатуға мүмкіндік беретін сыныптағы ата-аналар жиналысы [10].

Қазіргі заманғы технологиялар мен олардың мектеп пен отбасының өзара әрекеттесу барысында қолдану деңгейі туралы айтатын болсақ, онда бұл, өкінішке орай, айтарлықтай төмен. Бұл белгілі бір дәрежеде жеке бір субъектілердің мұндай бағдарламаларда нақты бір дағдылардың болмауына байланысты. Дегенмен, қоғамға ұсынылатын технологиялардың барлық шеңберін талдай отырып, олардың мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығы барысында жетекші орынға ие болуы керек

екенін анықтау керек. Бұл әдіс бірқатар артықшылықтарға ие, атап айтқанда, ол өте ыңғайлы және жылдам, сонымен қатар, ол табыс нәтижелеріне немесе жеке оқушының мінез-құлқына қатысты белгілі бір дәрежеде жасырын болуға мүмкіндік береді (жалпы ата-аналар жиналысына қарағанда), анағұрлым икемді формат, өйткені ол бірлескен жиналыс үшін мұғалімнің, ата-ананың уақытын қажет етпейді, сонымен қатар еркін сөйлесу мүмкіндігін береді және сайып келгенде, оқушының, оның ата-анасының және сынып жетекшісінің бірлескен жұмысын ұйымдастыру үшін көптеген интерактивті мүмкіндіктері бар. Мұндай бағдарламалардың мысалы ретінде әртүрлі файлдарды, адамдардың көп санын, желілік танымдық ойындарын және мультимедиялық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін әртүрлі жедел хабаршыларды, бейне қоңырауларға арналған бағдарламаларды қолдануға болады.

Осыған қарамастан, өмірдің жаңа шындығы мектеп пен отбасының педагогикалық өзара әрекеттесуінің жаңа жолдарын қарастыруға және пайдалануға әкеледі. Бұл үдерісте заманауи технологияларды пайдалану білім беру және тәрбиелік іс-әрекетті біріктіру жағдайында оқушыны тәрбиелеуге қатысты мәселелер мен міндеттерді шешу үшін мұғалімдер мен ата-аналардың ортақ ұстанымын бекітуге көмектеседі, сонымен қатар ол оқушылардың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын шығармашылықпен жүзеге асыруға, мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің жаңа жолдарын, тәсілдері мен құралдарын өндіруге оң әсер етеді [11].

**Нәтижелер.** Осы зерттеудің теориялық негізін белгілеп, оның барлық құрылымдық элементтерін қарастыра келе, мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің ықтимал әдістерін жүзеге асырудың практикалық негіздерін талдау қажет. Эксперимент Алматы облысы, Талдықорған қаласы №12 орта мектеп-гимназиясы, №17 орта мектеп, №4 орта мектеп және №21 орта мектептерде өтті. Бұл оқу орындарда білім алып жатқан оқушылардың жетістігін, атап айтқанда,

түрлі байқауларға, олимпиадаларға, спорт сайыстары мен шығармашылық іс-шараларға қатысып, ең бастысы жеңімпаз атануларын саралай келе, мектеп оқушыларының білімдері мен тәрбие деңгейі жоғары деп айтуға болады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған оқу орындарының әлеуметтік желілерін талдау кіші жастағы оқушылардың ата-аналары мен мұғалімдер арасында өзара әрекеттесу бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Бұған оқушылардың ата-аналарымен бірге мектептегі шығармашылық іс-шаралардан фотосуреттер дәлел бола алады. Мұндай ынтымақтастық баланы табысты дамыту және оның шығармашылық және ғылыми қасиеттерін табу үшін ата-ана мен мектептің ықпалын бір бағытта бағыттауға, болашақта оны осындай дағдыларды көрсету және жетілдіру үшін олимпиадалар мен жарыстарға қатыстыруға мүмкіндік береді.

**Талқылау.** Аталған оқу орындарында практикалық өзара әрекеттестік деңгейін арттыру үшін мектептің ата-аналарымен жүргізілген жұмысының жеке формаларының мысалдарын ұсынып, олардың мазмұнын сөзсіз ашып көрсеткен жөн. Мектептің ата-аналармен өзара әрекеттестігінің жеке формалары шешуші болып табылады, өйткені олар ата-аналар мен мұғалім арасында толыққанды байланыс орнатуды қамтамасыз етеді. Әдетте, бұл нысан мектеп оқушыларының үйіне жоспарлы бару контекстінде жүзеге асырылады, міндетті шарт мұғалімнің осы жұмыс түріне арналған жоспарды алдын-ала құруы, атап айтқанда ол баруды жоспарлауы, консультациялар үшін бөлек күндерді белгілеуі және әңгіме тақырыбын анықтауы керек. Қарым-қатынастың бұл түрі арқылы мұғалім тәрбие мен оқыту үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын отбасында баланы тәрбиелеудің әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен танысуға мүмкіндік алады, өйткені оқушыға үй тапсырмасын уақтылы және мінсіз орындау үшін қалыпты жұмыс орны, сонымен қатар, оқушының демалысы мен бос уақытын ұйымдастыруға арналған ойыншықтар немесе басқа құралдар керек [12].

Қарым-қатынастың жеке формасының ажырамас құрамдас бөлігі – отбасы ұжымында баланың дамуы немесе тәрбиесіне байланысты проблемаларына уақтылы назар аударуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайды орнату және жағдайдың қанағаттанарлықсыз екендігі анықталса, баланы қалыпты, қауіпсіз ортаға көшіру туралы шаралар қабылдау. Әрине, мұндай оқушының үйіне барудың нәтижесінде мұғалім ата-аналарға оқушының оқу-тәрбие іс-әрекетінің нәтижелі болуы үшін қолайлы жағдай қалыптастыру үрдісі бойынша кейбір ұсыныстар беруі, сондай-ақ мектептегі және әлеуметтік ортадағы баланың жетістігі мен мінез-құлқы туралы отбасына хабарлауы керек.

Сонымен қатар, мұғалім мен отбасының жеке қарым-қатынасын орнату үрдісі ата-аналарды мектепке шақыру барысында да жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әдіс өте кең таралған және сондықтан тиімді, өйткені мұғалімдердің әрқашан оқушылардың үйіне бару мүмкіндігі бола бермейді, сондықтан ата-аналарды сынып жетекшілері мектепке жиі шақырып, баласының тәрбиесі мен білімі туралы сөйлеседі. Бұл форманың басымдылығы оның екі субъектінің де оқушының даму барысында кездесетін мәселелерін бірлесіп жеңуге көмектесуінде. Мұндай кездесулердің мақсаттарының мысалдары: отбасындағы балалардың өмір сүру жағдайлары мен міндеттерін белгілеу; оқушы мінез-құлқының нақты жағдайларын талқылау; оқу іс-әрекетіндегі және күнделікті өмірдегі кемшіліктерді жоюдың жалпы әдістерін тандау; үй тапсырмасын орындаудың ұтымды жолдары туралы кеңестермен бөлісу; сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды білдіру; баланың оқу үлгерімі мен мінез-құлқы туралы ата-аналарға ақпараттың дәлелі; кезкелген салада балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жағдай жасау және қалыптастыру бағыттарын талқылау. Мұғалімдердің мұндай кездесулерде есте ұстайтын ең бастысы, ата-аналарға тек қана білікті педагогикалық кеңестер ғана емес, сонымен қатар, мектеп тарапынан қолдау

мен кейбір моральдық көмекті сезіну үшін жолдастық көмек пен түсіністік қажет. Осындай жылы, бейресми байланыс орнату мұғалім мен отбасы арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайтады және тиісінше оқушыны ойдағыдай тәрбиелейді [13].

Өзара әрекеттестіктің келесі формасы – топтық, оның өзінің мәні бойынша алдыңғысынан түбегейлі айырмашылығы бар. Бұл форманы жүзеге асыру оқушылардың отбасыларының жиынтығына бағытталған және бірден көптеген ата-аналармен байланыс орнатуға бағытталған. Бұл қарым-қатынас түрін орнатудың мысалы ретінде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатын көздейтін сұрақ-жауап кештерін айтуға болады. Әдетте, іс-шара оның қатысушылары үшін жайлылықты қамтамасыз ететін бейресми атмосферада өтеді, сонымен қатар, сұрақтар әдетте мұғалімнің егжей-тегжейлі, сапалы жауаптар дайындауы үшін алдын-ала жазбаша түрде беріледі, бірақ қосымша ауызша сұрақтар қою мүмкіндігі де беріледі. Талқылау тақырыбына байланысты ата-аналардың сұрақтарына жауап беруге тек мұғалім ғана емес, психолог, дәрігер немесе заңгер де қатыса алатынын айта кеткен жөн. Осылайша, ата-аналарға арналған мұндай әңгімелерді немесе лекцияларды өткізудің негізгі мақсаты – бастауыш мектептің ата-аналарына педагогикалық білімдерді тарату, сонымен қатар, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тәрбиесіне қатысты мәселелерді жалпы қарастыру [14].

Мектептегі ата-аналармен жұмыс істеудің тағы бір мүмкін болатын түрі ұжымдық болып табылады, ол бұрынғыға біршама ұқсас. Дегенмен, ол формализммен, әмбебаптығымен, сонымен қатар белгіленген педагогикалық талаптарға сәйкестігімен ерекшеленеді. Мұндай форманың ең көп тараған мысалы, әдетте, оқу жылының басында және сәйкесінше тоқсанның соңында өткізілетін және қажет болған жағдайда күз басталғанға дейін, қысқы және көктемгі мерекелер, ата-аналарды сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттері мен жалпы

жағдайы туралы хабардар ету мақсатында ұйымдастырылуы мүмкін сынып жиналыстары. Сирек жағдайда жиналыс бүкіл ата-аналар ұжымының бастамасымен өткізіледі, өйткені оқушының жеке мәселесі болса, отбасы сынып жетекшісімен жеке байланысқанды жөн көреді. Сынып жиналыстарында қаралатын негізгі мәселелер – мектепте де, үйде де оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға және балаларды тәрбиелеуге тікелей қатысты мәселелер; сыныптан тыс жұмыстарды, мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастыру, сонымен қатар, олардың шығармашылық дамуын талқылау.

Мұндай қарым-қатынастың негізгі міндеттері ата-аналар ұжымының ынтымақтастығын қалыптастыруға ықпал ету, ата-аналарды балаларды тәрбиелеудегі әлеуметтік және құқықтық жауапкершілікті көтере білуге тәрбиелеу; білім беру міндеттерін шешу үрдісінде сабақтастықты қамтамасыз ету; отбасылық тәрбие жағдайында ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру үшін оңтайлы жағдайларды қалыптастыру. Сонымен қатар, сыныптың ата-аналар жиналысы мектеп пен отбасының оқушыларға тәрбиелік ықпалында бірлескен бағытты қалыптастыруға көмектеседі, сондай-ақ келісілген ұжымдық пікірді қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде мектеп оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде және белгілі бір дәрежеде мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың беделін арттыруға оң әсер етеді.

Сондай-ақ, мектеп пен жанұяның өзара әрекеттесуінің ұжымдық түрі ата-аналардың тақырыптық жиналыстары немесе бала тәрбиесінде тәжірибе алмасу бойынша конференциялар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Атап айтқанда, бірінші шараны ұйымдастырудағы мақсат – ата-аналарға нақты педагогикалық білім мен дағдыларды беру, сондай-ақ оларды бала тәрбиесіндегі озық тәжірибемен таныстыру. Айта кету керек, мұндай кездесудің тақырыптарын мұғалімнің өзі де, ата-аналар да ұсына алады [15].

Бала тәрбиесі бойынша тәжірибе алмасу конференциясына келетін болсақ, отбасылар

балаларының мектептегі оқудың бастапқы кезеңінде кездескен түрлі қиындықтарды жеңудегі жеке тәжірибесімен бөлісе алады. Сонымен қатар, мұндай іс-шараларда ерекше жағдайлар, атап айтқанда, материалдық жағдай немесе басқа факторлар болған жағдайда, отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты күрделі мәселелерді ашуға және әзірлеуге көбірек көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар, мектеп пен отбасының тәрбие үрдісінде алатын орны тең дерлік екені анықталды. Бұл жағдай олардың арасында тиімді өзара әрекеттестік орнату қажеттілігін қалыптастыруды тудырады, осылайша бастауыш сыныптарда оқушы өзін жайлы сезініп, оқуға және тұлғалық дамуға ынтасын дамытады. Сондықтан кіші жастағы оқушылардың ата-аналары үшін топтық сабақтар мен жеке тәрбиелік іс-шараларды бөлу үшін осындай тақырыптарды ұсынған жөн. Ең алдымен, кіші мектеп жасындағы оқушылардың дамуының анатомиялық, физиологиялық және жеке психологиялық ерекшеліктеріне бағытталғандар, олар баланың психологиялық және эмоционалдық денсаулығын қалыптастыру үрдісіне мектеп пен отбасының өзара қатысуынан тұрады және де оның ұжымда дамуына үлес қосады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың ата-аналарының келесі қызметі – дене шынықтыру сабақтарымен, сондай-ақ белсенді сыныптан тыс жұмыстармен біріктіруге болатын қозғалыс ойындары мен дене дамуы, бұл қатысушылардың денсаулығына оң әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар, туыстық қарым-қатынасты нығайтады, өйткені бүкіл отбасы бір команда ретінде әрекет етеді.

Интеллектуалдық мәдениетті қалыптастыру маңызды орын алады, өйткені ол белгілі бір дәрежеде баланың ерте дарындылығының дамуына да әсер етеді. Әдетте, мұндай дағдылар балада компьютерлік ойындарды немесе интерактивті ойыншықтарды пайдалану кезінде пайда болады, бірақ бұл үрдісте осы формада жұмсалған уақыт мөлшерін, осы бағдарламалардың құрамдас бөліктерін, ең бастысы, олардың оқушы психикасына әсерін бақылау маңызды. Алай-

да, мұндай инновациялық технологиялар қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі болып табылатынын атап өткен жөн, сондықтан оларды қолдануда оқушыны толығымен шектеу қажет емес, қайта олардың есебінен қашықтықтан оқыту үрдісін ұйымдастыруға болады, бұл білім беру мекемесіне баруға мүмкіндік болмаған жағдайда мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас үрдісін жеңілдетеді.

Сондықтан, ұсынылған практикалық құралдар мен өзара әрекеттесу бағыттарын пайдалана отырып, тиісінше ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тарта отырып, мұғалімдер олардан оқушылар туралы қосымша ақпарат ала алады және олардың көмегімен бала дамуының білім беру траекториясын бірлесе қалыптастыра отырып, кіші мектеп жасындағы баланың тәрбиесін қамтамасыз етеді.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесінде бастауыш мектеп жасындағы балаға тиімді тәрбие беру үшін мектеп пен жанұя арасында тығыз қарым-қатынас орнату қажет екені анықталды. Бұл ең алдымен оқушыны тәрбиелеудің ортақ бағыты мен мақсатын белгілеу үшін қажет. Сонымен қатар, мұндай қарым-қатынас тәжірибе алмасу арқылы мұғалімнің де, ата-ананың да педагогикалық білімі мен біліктілігін арттыруға көмектеседі. Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназия, №17, №4, және №21 орта мектептерде шығармашылық дамудың барысы мен нәтижелерін талдау жұмыстың маңызды кезеңі болды. Жұмыста теориялық негіздері, педагогикалық өзара әрекеттестік ұғымы, оның негізгі қасиеттері, құрылымы мен осы үрдіске әсер ететін факторлары талданды. Бұл кезең зерттеу нысанының мәні мен ерекшелігін терең қарастыруға, сонымен қатар мектеп пен отбасының табысты бірлігі үшін тәжірибеде іске асыруға болатын ұсыныстар тізімін әзірлеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жұмыста мектеп пен отбасының өзара әрекеттесу үрдісіне компьютерлік бағдарламалар мен технологияларды қолдану мүмкіндігі талданды, бұл қашықтағы форматта оқу үдерісін ұйымдастырудың аса өзекті шарты болып



табылады. Мұндай нысандарды тартудың негізгі кемшіліктері мен артықшылықтары, сондай-ақ оларды пайдалану кезінде бақылауды қажет ететін басым факторлар белгіленді.

Зерттеудің құндылығы мектептегі отбасымен жұмыстың ықтимал нысандарын бөлу бойынша ұсыныстарды қалыптастыру болып табылады, өйткені мақалада олардың әрқайсысының жақсы ерекшеліктері сипат-

талған, бұл оларды әртүрлі критерийлер бойынша бөлуге және сәйкесінше мұғалім мен отбасы алдында туындайтын ортақ міндеттерді тиімді шешуге қажетті негізгісін таңдауға мүмкіндік береді. Демек, мұғалімдердің де, ата-аналардың да алған нәтижелерін ескере отырып, бастауыш мектеп жасындағы баланы тәрбиелеудің белсенді, ең бастысы, табысты үрдісін байқауға болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Кожухметова Ж.А., Наурызбай З.Е. Семья – главный институт воспитания личности // Педагогика и психология. – 2021. – №2(47). – СС.249-255.
- [2] Nematov A.S. Patriotic education of primary school students based on school and family interaction. *Achievements in Science and Education*. – 2020. – №2 (56). – PP.20-21.
- [3] Resenkova Y.A. Family and school roll in ecological education of younger schools. *Eurasian Union of Scientists*. – 2019. – №9 (66). – PP.41-46.
- [4] Vakhtangishvili M. Cooperation of family and school in physical education of children of primary school age. *Physical Culture, Sport and Health of the Nation*. – 2019. – №7 (26). – PP.20-25.
- [5] Tarasyuk K.A., Tsipan T.S. Principles of activation of partnership interaction of family and school in physical education of children of primary school age. *Prospects, Problems and Current Achievements in the Development of Physical Culture and Sports in Ukraine*. – 2021. – №1. – PP.132-136.
- [6] Tsipan T.S. Innovative forms and methods of pedagogical interaction of school and family in the education of students. *Innovation in Education: Collection*. – 2020. – №12. – PP.235-241.
- [7] Makovetskaya A.S. Formation and development of the system of interaction between family and school in the education of hyperactive students. *Bulletin of Taras Shevchenko Lviv National University*. – 2021. – №1 (339). – PP.53-61.
- [8] Ramzaeva E.N. Information space of social networks as a new area for pedagogical interaction of school and family of teenagers. *Bulletin of the Volgograd State Pedagogical University*. – 2020. – № 7 (150). – PP.25-29.
- [9] Nevzorova A. Correction of school maladjustment of primary schoolchildren using the technology of the linear algorithm of socialization skills. *Problems of Modern Teacher Education*. – 2019. – №64 (2). – PP.118-122.
- [10] Milan J. Interaction between primary school and the family in educational work with children in the United Kingdom. *Sciences of Europe*. – 2021. – №73 (2). – PP.12-15.
- [11] Gusev A.Y. Interaction with parents as a means of developing the creative potential of younger students. *The World of Science, Culture, Education*. – 2019. – №5 (78). – PP.181-182.
- [12] Kamakina O. Y. Features of upbringing younger school children by father and mother. *Azimuth of Scientific Research: Pedagogy and Psychology*. – 2020. – №9 (32). – PP.339-341.
- [13] Kharkivska A. Main ways of pedagogical interaction between school and family in the education of junior schoolchildren. *Youth and the Market*. – 2021. – №6 (7). – PP.57-61.
- [14] Kamensky A.M. School and parents: tradition, modernity, perspective. *Bulletin of Orenburg State University*. – 2019. – №1 (219). – PP.6-14.
- [15] Svadbina T.V., Agaeva, L.I., Kartasheva, I.A. Factors and conditions for effective interaction between a preschool institution and a family. *Problems of Modern Teacher Education*. – 2019. – №63 (4). – PP.228-231.

#### *References*

- [1] Kozhahmetova ZH.A., Nauryzbaj Z.E. Sem'ya – glavnyj institut vospitaniya lichnosti // Pedagogika i psihologiya. – 2021. – №2(47). – 249-255.

[2] Nematov A.S. Patriotic education of primary school students based on school and family interaction. *Achievements in Science and Education*. – 2020. – №2 (56). – RR.20-21.

[3] Resenkova Y.A. Family and school roll in ecological education of younger schools. *Eurasian Union of Scientists*. – 2019. – №9 (66). – RR.41-46.

[4] Vakhtangishvili M. Cooperation of family and school in physical education of children of primary school age. *Physical Culture, Sport and Health of the Nation*. – 2019. – №7 (26). – RR.20-25.

[5] Tarasyuk K.A., Tsipan T.S. Principles of activation of partnership interaction of family and school in physical education of children of primary school age. *Prospects, Problems and Current Achievements in the Development of Physical Culture and Sports in Ukraine*. – 2021. – №1. – RR.132-136.

[6] Tsipan T.S. Innovative forms and methods of pedagogical interaction of school and family in the education of students. *Innovation in Education: Collection*. – 2020. – №12. – RR.235-241.

[7] Makovetskaya A.S. Formation and development of the system of interaction between family and school in the education of hyperactive students. *Bulletin of Taras Shevchenko Lviv National University*. – 2021. – №1 (339). – RR.53-61.

[8] Ramzaeva E.N. Information space of social networks as a new area for pedagogical interaction of school and family of teenagers. *Bulletin of the Volgograd State Pedagogical University*. – 2020. – № 7 (150). – RR.25-29.

[9] Nevzorova A. Correction of school maladjustment of primary schoolchildren using the technology of the linear algorithm of socialization skills. *Problems of Modern Teacher Education*. – 2019. – №64 (2). – RR.118-122.

[10] Milan J. Interaction between primary school and the family in educational work with children in the United Kingdom. *Sciences of Europe*. – 2021. – №73 (2). – RR.12-15.

[11] Gusev A.Y. Interaction with parents as a means of developing the creative potential of younger students. *The World of Science, Culture, Education*. – 2019. – №5 (78). – RR.181-182.

[12] Kamakina O. Y. Features of upbringing younger school children by father and mother. *Azimuth of Scientific Research: Pedagogy and Psychology*. – 2020. – №9 (32). – RR.339-341.

[13] Kharkivska A. Main ways of pedagogical interaction between school and family in the education of junior schoolchildren. *Youth and the Market*. – 2021. – №6 (7). – RR.57-61.

[14] Kamensky A.M. School and parents: tradition, modernity, perspective. *Bulletin of Orenburg State University*. – 2019. – №1 (219). – RR.6-14.

[15] Svadbina T.V., Agaeva, L.I., Kartasheva, I.A. Factors and conditions for effective interaction between a preschool institution and a family. *Problems of Modern Teacher Education*. – 2019. – №63 (4). – RR.228-231.

#### **Технология взаимодействия семьи и школы в процессе воспитания младших школьников**

*А.Д. Ансабаева*

*Жетысуский университет им. И.Жансугурова (Талдыкорган, Казахстан)*

#### *Аннотация*

Сегодня на первое место выходит задача воспитания личности. Основным инструментом ее решения является взаимодействие всех субъектов воспитательной деятельности (педагогов, родителей, детей). Целью данной работы является установление взаимосвязи школы и семьи в процессе воспитания детей младшего школьного возраста, изучение возможных путей повышения эффективности процесса. Результатами, полученными после изучения данной темы, являются теоретические и практические основы взаимоотношений школы и семьи в воспитании детей, выявление общих и специфических черт в их взглядах, а также формулировка предложений по совершенствованию этого процесса. Практическая ценность данного исследования заключается в том, что предложенные средства и методы воспитания детей младшего школьного возраста могут быть использованы как родителями так и педагогами для улучшения общения с ребенком и, соответственно, эффективного воздействия на него, формирования учащегося как полноценного участника общественных отношений. Будущей работе может послужить хорошо зарекомендовавшая себя теоретическая база, которая описана в данном исследовании и непосредственно раскрывает содержание концепции педагогического и семейного воспитания.

*Ключевые слова:* воспитание; начальная школа; учащиеся; педагогическое взаимодействие; учитель; родители.

**Technology of interaction of family and school in the process of education of junior schoolchildren****A. Ansabayeva***I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan)**Abstract*

Today, the task of educating the individual comes to the fore. The main tool for its solution is the interaction of all subjects of educational activity (teachers, parents, children). The purpose of this work is to establish the relationship between the school and the family in the process of raising children of primary school age, to study possible ways to improve the efficiency of the process. The results obtained after studying this topic are the theoretical and practical foundations of the relationship between the school and the family in raising children, identifying common and specific features in their views, as well as formulating proposals for improving this process. The practical value of this study lies in the fact that the proposed means and methods of educating children of primary school age can be used by both parents and teachers to improve communication with the child and, accordingly, effectively influence him, form the student as a full-fledged participant in social relations. Future work can serve as a well-established theoretical framework, which is described in this study and directly reveals the content of the concept of pedagogical and family education.

*Keywords:* education; elementary school; students; pedagogical interaction; teacher; parents.

*Редакцияға 05.02.2022 қабылданды*

МРНТИ 16.31.51

<https://doi.org/10.51889/2022-1.2077-6861.27>*Н.Ф. НЕМЧЕНКО<sup>1</sup>, Ю.В. АСТАФЬЕВА\*<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова (Кокшетау, Казахстан)  
nnetchenko@inbox.ru, \*yuliya.astafyeva@mail.ru*

**ФОЛЬКЛОРНЫЙ ТЕКСТ КАК МАТЕРИАЛ ДЛЯ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОГО  
МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ МЛАДШИХ КУРСОВ***Аннотация*

В данной статье рассматривается вопрос развития креативности у студентов языковых специальностей младших курсов. Авторы уточняют, что в качестве материала, на основе которого можно строить процесс развития креативного и критического мышления, может выступать текст сказки. Для работы над теоретико-методологической базой исследования авторы уделяют большое внимание исследованиям ученых, внесших свой вклад в изучение вопроса о креативности. В статье авторы повествуют о разных формах организации собственно креативных видов речевой деятельности. Авторы акцентируют внимание читателей, что для построения методологической модели упражнений и заданий, которые развивали бы креативные навыки на основе текстов сказок, предлагается Дублинская методология обучения, которая способствует развитию как иноязычной устной и письменной речи студентов, так и их креативному мышлению. Помимо этого, авторы предлагают читателям ознакомиться с данной моделью на основе примеров разработанной системы практических заданий для работы над текстом сказки.

*Ключевые слова:* фольклорный текст; критическое и креативное мышление; Дублинская методология обучения; развитие нестандартного мышления.

**Введение.** Ретроспективный взгляд на даваемые народом, были и остаются источником развития когнитивных и креативных способностей, равно как и критического мышления каждого нового поколения. В